

№ 03 сәуір 2024



# TÄJIRİBE

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМІ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ



<b>Утебаева А.Т., Курманова А.И</b> ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫң ӨЗГЕРГІШТІГІНІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ .....	55
<b>Утебаева А.Т., Кобей А.Б.</b> ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚА БАУЛУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ.....	58
<b>Утебаева А.Т., Нұрлыханқызы Е., Жұматаева Н.А.</b> ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДА МҰҒАЛІМГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	61
<b>Утебаева А.Т., Жаділ А.А.</b> БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ .....	65
<b>Жумадиллаева А., Әбенов Е.Д.</b> БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	68
<b>Утебаева А.Т., Әбдуәлі Б.Н.</b> АКЦЕНТУАЦИЯНЫҢ ДИНАМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСӨСПІРІМ МІНЕЗІНІҢ АКЦЕНТУАЦИЯСЫНЫң КӨРІНІСІНЕ ӘСЕРІ.....	70
<b>Жумадуллаева А.А., Ералиева А.М.</b> БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ МАМАНДЫҚА ДАЯРЛАУДА РУХАНИ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ИНТЕГРАЦИЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ .....	73
<b>Утебаева А.Т., Дүйсенбек Қ.Е..</b> ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ БІЛІМ САЛАСЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫФЫ .....	76
<b>Утебаева А.Т., Гайнуллина А.Б.</b> ЖЕТКІНШЕКТЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ТҮРАҚСЫЗДЫҚТЫҢСЕБЕПТЕРІ.....	79
<b>Утебаева А.Т., Нұрумхамбетова Т.Р., Бақытбекова М.А.</b> ЖЕТКІНШЕКТЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН АГРЕССИВТІЛІК ӘРЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ .....	81
<b>Жаулыбаев Ж.Қ., Утебаева А.Т., Бухарбаева Г.Д.</b> БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ МӘДЕНИ МУРАЛАР АРҚЫЛЫ ПАТРИОТТЫҚА ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ.....	84
<b>Утебаева А.Т., Бәйдаулет Б.Ж.</b> БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰДІРЕТТІЛІГІН АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ЖЕТИЛДІРУ .....	87
<b>Жумадуллаева А.А., Ахтанов Д.Т.</b> БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ.....	90
<b>Утебаева А.Т., Абдуллаева Ұ.М.</b> БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫң ЗЕЙІНДІЛІГІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ .....	93
<b>Барахова Р.К.</b> АРТ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРТ-ТЕРАПИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАР МАЗМҰНЫН ДАМЫТУЖӘНЕ ЖЕТИЛДІРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ .....	96
<b>Булегенова Ү.</b> ҚҰРЫЛЫМ БОЙЫНША ӘР ТҮРЛІ ОТБАСЫЛАРЫНЫң ӨЗАРА ҚАТЫНАСЫНЫң ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	101
<b>Асылбекова З.А., Тилепова А.У.</b> ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІНДЕ ГІАБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ .....	103

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ АБАЙДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Тилепова Айнур Утегеновна  
 Орталық Азия инновациялық университет  
 Асылбекова Зейнегул Атабековна  
 «Достық» мектебінің директоры

**Андатпа.** Мақалада оқушыларға музыкалық тәрбие берудегі Абайдың педагогикалық көзқарастарын тиімді пайдалану жолдары қарастырылған.

**Кілттік сөздер:** ұлымың пен даналық, Абай тұжырымы, педагогикалық көзқарас, ағартушылық бағыт, Абайдың музыкалық мұрасы.

**Ұлы Абай өмір бойы дүниеден жиып-терген ой нәрін туған халқына бағыштағанда үнемі ұлттың танымдық, талғампаздық қасиетіне сыншылдықпен қараған.**

Абай ақын әрі сазгер ретінде әлем тынысын өз жүргінен еткізді, сонымен бірге өз жан әлемін өз ішінен қорытып, нағыз адам болмысын қалыптастырудың кемел үлгісін көрсетеді. Ол-ұлттың өсуін де, жаңғыруын да адаптациялық, оқыбіліммен, ғылыммен байланыстырған ойбыл. Ақын адамзаттың жан дүниесіне терең бойлап, дүниені тануының қағидалары мен оның бағыт-бағдарын нақты тұжырымдаған. Абай-ұлымың пен даналық тоғысқан асыл мұраның шамшырағы, адам жанының сәүлетшісі. Дүниенің есігін ашқан сәбидің өмірлік ұстанымын қырағылықпен, шеберлікпен сипаттап, тұлғалық болмысын қалыптастырударғы білімін, тәрбиесін, яғни, егіз ұғымды бір-бірімен үндестігін айқын көрсетіп, дүниеден нені көздел, нені іздеу керектігін дәлелді түрде тұжырымдан береді. - Ғылымды іздең, Дүниені көздел, Екі жаққа үңілдім,-деп, немесе -Жүргегіңе сұнгі де, тубін көзде, Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме,- деп, әр адамзат баласының өз жүргінеге үңілуді өсінет етеді.

Абай музыкалық шығармашылығының негізі ел санасын ұлы мақсаттарға жетелеудің биік шыны болып табылады. Ақын өмір жолын тануды білімге, ғылымға, өнерге негіздеу керек деген қағиданы ұстанады. Оның өлеңдері мен қарасөздерінен және әндерінен жастарды тәрбиелеу мен оқытудың кейір дидактикалық мәселелері жөнінде үлгі-өнеге тұтарлық салиқалы ойлар мен тұжырымдарды көп кездестіруге болады. Абайдың педагогикалық-ағартушылық көзқарастары өлеңі мен қарасөздерінде үндесіп келеді. Ақын адамның «жан қалауы» мен «тән қалауын» дүниетаным тұрғысынан түсіндіріп, баланың түпсіз тереңіне үңілудің оны тәрбиелеудің қағидаларын: «Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта көңіл-гүл...» - деп, жас баланы тәрбиелеуді өте ерте қолға алып, олардың дақ түспеген санасына ізгі қасиеттерді еге білу қажеттігін ескертеді. Ол өзі өмір сүрген әлеуметтік ортада орын алған бес түрлі зиянды мінез-құлықтан адам боламын деген әрбір жасөспірімнің сактануы керектігін ашық айтады. Адам өзіне-өзі сынши болу керек: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айына бір, өзінен есеп

ал», - деген Абай тұжырымы жастардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттырып, олардың бойында өзіне деген берік сенімін қалыптастырады.

Ақылды азамат болу үшін адам бойындағы қасиеттердің қалыбы үш нәрсеге байланысты екендігін айтады. ...Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек, - деп, адамгершілік, ақылдылық, әдептілік, сабырлылық қасиеттің үлгі-өнегесін ұсынып, нағыз «толық адам» болуға үндейді. Педагогикалық көзқарасының негізгі мақсаты-адам тәрбиесі. Адамзат баласына өмірлік қажет адамгершілік пен еңбек, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық пен жолдастық қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, қарасөздерімен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары- негізінен жастарды еліне адаптациямен ететін білімді, ақылды, талапты, қайратты болмысы бар «Толық адам» етіп тәрбиелеу. Адамның ақыл-онының, сана-сезімінің жоғары болуы өзіне байланысты. Адам үнемі осы мақсатта өзін-өзі жігерлендіріп, мұраткерлік танытып отыруы қажет. Ақынның пікірінше, адам ұдайы ақыл-онын, таным түсінігін, рухани жан дүниесін табанды еңбегі арқылы жетілдіріп, ұштап, күш-қайратын, жігерін, осы мақсатқа шоғырландыруы тиіс. Ғылым мен өнерге ден қойған адам қоршаған органды, адамдардың бойындағы қасиеттердің ерекшеліктерін терең ұғына түседі. «Мыңмен жалғыз алысқан» ақынның халқын білім мен ғылымға шақырудады басты ұстанымы-«Адам болу» ұстанымы.

## №6. Абай



Профессор Т.Х.Рысқалиевтің пікірінше: «Абай даналыққа, даналықты білдіретін сөзге, іске, мінез-құлыққа ерекше мән береді; ол даналықты танып, ажырата білді, жүзеге асыра білді. Адамды өсіретін, сонымен бірге кімнің кім екенін, ненің не екенін таразыға салып өлшеп беретін түсінік».

Сондықтан да, Абайдың музыкалық педагогикасы -таңқаларлық терең әлем! Абай педагогикасында бала тәрбиесінен бастап тұтас ұлттың, халықтың санасына ықпал ету мақсатындағы ойларын ортаға салды. Оның тәрбиелік бағыттағы ойлары кең ауқымдағы ағартушылық идеяларға ұласты. Бұл түрғыда Абай ұлттың бір ғана белгілі тобының тілек-мұддесіне орай идеялық мақсат ұстанған жоқ, тұтас ұлттың, халықтың болашағы туралы, күнделікті мұн-мұқтажы, қажетті іс-әрекеті туралы ой қозғады. Халықтың бірде-бір тобын жекелеп алғып қарамай, тұтас сөз қылды. Ағартушылық бағыттың кілті - білімге, ғылымға талпыну, еңбектену, білуғе құштарлықта. Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуғе. Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге- деп, Абай не қажет, не залал екенін айта келе, тек білімді адам толық біледі, өз өмірін жандандырады, өз халқына пайдасы тиеді деп тұжырымдайды. Сонымен қатар талапты қалай құту керектігінің жолын ұсынады. Абай отыз екінші қарасөзінде ғылым үйрену деп мынадай талаптар қойды: – Білім мен ғылымды үйренбекке талап керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар: әуелі білім-ғылым табылса, дүниенің бір қызықты нәрсесі керек болады деп іздемеске керек.

Оның үшін білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектің өзін дәулет білсең, һәм әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махабbat пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңілің жақсы ұғып, анық өз суретімен ішке жайғастырып алады» – дейді.

Үңталы жүрекпен сезінгенде ғана шын қызығушылық пайда болады деп тұжырымдайды. - Ақылмен ойлап білген сөз, Бойына жүқпас, сырғанар, Үңталы жүрек сезген сөз, Бар тамырды қуалар. Дана Абайдың музыкалық педагогикалық-ағартушылық көзқарасын айқындайтын дәлел отыз екінші қарасөзінде: «Ғылымды, ақылды сақтайтын мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылmasын! Көрсекізарлықпен, жеңілтектікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез-келген қызықта шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады.

Онан соң оқып-үйреніп те пайда жоқ. Қонарға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың?»-дей келіп, алған мақсаттан таймайтын табанды болуды талап етеді. Абай адамзат құндылықтарын жүректің, ақыл-ойдың, ерік-жігердің мызығымас қорғаны мен мұқалмас құралы ретінде қабылдайды. Педагогика саласында Абай даналығының бір қыры балаға адамгершілік тәлімін, адалдық пен имандылық тағылымдарын менгертіп, сол негізде адамды тәрбиелеу шәкірттің өзі үшін де, халық үшін де пайдалы екендігін айтады. Абай да халқына өз қара сөздерінде: «еңсенді көтер, көзінді аш, еңбек ет, оқып білім ал, басқа халықтардан өнер білімге үйрен, жамандықтан без, жақсылықты бойына жина» дейді.

Абай әндері мен сөздері өзі ғана терең, сыршыл болып қоймай, оқырманың да биік болмысқа тәрбиелейді: «...сөздері адамның ақылын ішіне үнілтіп,

жанымен сырластырып, ұғып оқып түсінгендердің сезімін тәрбиелемек». «Абай есімі-қазақ халқының оянуы мен рухани қайта жаңғыртуының, қоғамның озық күштерінің өркениеттілікке ұмтылысы мен әлеуметтік әділдіктің символы» деп Зәки Ахметов айтқандай, Абайдың музыкалық мұрасы – біздің ұлт болып, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі де аса бағалы құндылық болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Абай (2 томдық өлеңдер жинағы). – Алматы: «Ғылым», 1977.
2. Абай қара сөздері. – Алматы, 1982.
3. Жиреншин А. Абай және оның орыс достары. – Алматы: «Ғылым», 1959.
4. Құнанбаев Т. Экем Абай туралы. - «Ана-тілі»баспасы, 1993.
5. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ ағартушылары жастар тәрбиесі жөнінде. – Алматы: «Білім», 1985.
6. Ерсәлімов Б. Құнанбайдың құғын көрген ұрпақтары. – Семей: «Ғалам-шар», 2005.
7. Өміралиев Қ. Абай афоризімі. – Алматы: «Кітап», 1993.
8. Ысқақова М. Ұлы Абайға адалдық. – Семей: «Ғалам-шар», 2005.